


1 2008

517 к

# ҚОРҚЫТ АТА КИТАБЫ



# ҚӨРҚЫТ АТА КІТАЕВЫ



Түрік тілінен аударған  
Балтабек Үсқақов



АЛМАТЫ  
“ЖАЗУШЫ”  
1994

1 (=572.122). 1 "04/14"

ББК 82.3(0)

К 66

К 66. Корқыт Ата кітабы. Түрік тілінен ауд. Б. Ыс-  
каров.— Алматы: Жазушы, 1994.—160 б.


“Корқыт Ата кітабы” қазақ топырағында дүниеге келген, оқиғасы, тілі, кейіпкерлерінің мінез-құлқы, іс-әрекеті жағынан халқымыздың төл туындыларына — ақыз-әңгімелерге, эпостық жырларға етене жақын түрған шығарма. Кітапта Сыр бойында IX—XI ғасырларда өмір сүрген оғыз-қыпшақ елінің тұрмыс-салты, жаугершілік заманда халықтың басынан кешкен ерлік оқиғалары суреттеледі. Бұл еңбек 1969 жылы Ұстамбул қаласынан шыққан нұсқадан аударылып отыр.

К 4702250105 — 028  
402(05) — 94 без объявл. — 94

ББК82.3(0)

ISBN 5-605-01455-2

Казақша аудармасы,  
© “Жазушы” баспасы, 1994



## **ҚОРҚЫТ АТА КІМ БОЛҒАНІ**

Қарақожа ұлы Қорқыт Ата қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Сырдария өзенінің төменгі жағасында, Жаңакент /Иеникент/ қаласында /VIII—IX ғ. ə./ өмір сурген. Өз халқының бақыты үшін “Жер үйігын” іздеп, көптің мүддесін көздеген Қорқыт Ата — ақын, жырау, композитор, әнші, күйші, қобызшы, өз дәуірінің ойшылы болған адам. Бұл жаңа қала Сыр өзенінің Араг тенізіне құйылар жерінде тұрғандықтан, қазақ халқы оны “Су аяғы — Ер қорқыт” деп те атаган.

Тарихи жазба мәліметтер мен халық шежіресі бойынша Қорқыттың әкесі Қарақожа оғыз тайпасына жататын Баят дейтін рудан шыққан, ал шешесі қазақ құрамына кіретін қыпшақ қызы, оның туган жері қазіргі Қостанай облысының Аят өзені. Қорқыт мініп, жер дүниенің төрт бұрышын кезіп, аңызга айналған атақты Желмаяны оның шешесінің жақын туыстары сыйлаган.

В. М. Жирмунскийдің, айтуюнша, Қорқыт Ата жыраулар мен жыршыларга тән көне халық поэзиясының ерекшеліктерін бойына сіңірген әнші-жырау әрі болжагыш ақылгөй болған.

Оғыз-қыпшақ қогамының ішкі-сыртқы істерінің білгірі Қорқыт өз заманында төрт-бес хандықты басынан өткізіп, солардың бәрінде де бас уәзірлік қызмет атқарып отырған. Олар: Инал хан, Дойлы хан, Көл-Еркі, Тұман хан және Қаңлықожа. Хандарға күшті ықпал жасағандықтан, олар Қорқыттың ақылды

кеңесінен аса алмаған. Осы пікірді шығыс тарихын зерттеуші Әбілгазы да баса айтқан.

Әр түрлі аңыз-әңгімелерде Қорқыттың туган жылы мен жасы жөнінде әр түрлі пікір айтылады. Кейбір деректер Қорқытты 95 жыл жасаған десе, кейбірінде – 195-ке, тіпті 400-ге келген деген болжам бар. Ал “Деде Қорқыт кітабында” Қорқыттың өмір сурген уақытын Мұхаммед пайғамбардың заманына жақындалады. “Расул ғалей һи уәс-салам заманына жақын Баят бойында Қорқыт Ата дейтін бір ер тұрыпты”, – дейді ол кітапта.

Қазақтың аңыз-ертеғілерінде Қорқыттың туган күнін өте қорқынышты етіп көрсетеді. Ол куні алай-түлей боран согады, нөсерлі жауын құяды, күн тұтылғандай, айналаны қара түнек басып, уш күнге дейін күннің көзі ашылмайды. Қаратауды қаптаған қалың бұлттан күн күркіреп, жұрттың құтын қашырып, зәресін ұшырады. Халық аңыздары мен жазба деректерге және өзінің гылыми еңбектеріне сүйенген қазақтың академик ғалымы Э. Х. Марғұланның мәлімдеуінде Қорқыттың шешесі нәрестені тогыз күн ұдайы қатты толғатып, ерекше бір ғаламат қорқынышты жағдайда өмірге әкелгенін айтады. Сырдарияның жағасы мен Қаратаудың айналасын қара тұман бұлт басып, күн тұтылады. Сондықтан Қорқыт туган бұл үрейлі қара түнек күнді халық “Қараспан” деп атаган. Сұрапыл дүлейден, қара түнектен қорыққан халық жаңа туган балага “Қорқыт” деп ат қойған. Магынасы “Қорқыт, қорқытты” деген ұғым береді.

Махмуд Қашқаридың айтуынша, халық өлеңдерінде, “Оғызнама” жырында Қорқыттың туганы ерекше сипатталады. Мұны академик Э. Х. Марғұлан да қуаттайды. Сырдарияга жақын Қаратай төңірегінде өмірге келген Қорқыт туганда сөйлеп туыпты. Ол тауды Қараышқ /Қаратай/ немесе “Қараспан” деп атаган.

*Бұл жөнінде халық аузында сақталған мынадай өлең де бар:*

Корқыт туар кезінде,  
Караспанды су алған,  
Кара жерді құм алған.  
Ол туарда ёл корқып,  
Тұған соң әбден қуанған.

Халық ақын-жыраулары өзінің сүйікті қобызына қосып, Қорқыттың туган күнін осылай жырлаган. Қазақтың аңыз-әңгімелерінде Қорқыт Атанаң қалай өлгені, неден өлгені туралы да айттылады. Солардың бірінде Қорқыт өлімнен қашып, Сырдария жағасына жайылған кілем үстінде жеп отырған жүзім ішінен қарақұрт шығып, шағып өлтіреді. Енді бір аңыз-әңгімеде Қорқыт өлімге тосқауыл жасамақ болып, өмір жайын ән мен күйге қосып, Сыр суының жағасына төсеген кілем үстінде қобызбен күй сарнатып отырады. Бір мезетте күйге елтіп, арбаган әбжылан Қорқыт қалғып кеткен кездे шағып алады да, Қорқыт Ата содан өледі.

Қорқыт Атанаң сегіз қырлы күмбезді мазары қазіргі Қызылорда облысы, Қармақши ауданына қарасты теміржол станциясына жақын Сырдария өзенінің жағасына /IX—XI ғ./ орнатылған. Мазардың сыртқы көрінісі қазақтың киіз үйі сияқты дөңгелек. Э. А. Диваев пен И. А. Кастаньенің зерттеуі бойынша /IX ғ./ мазар кірпіштен салынған. Ішкі жағы қазақтың түрлі оюларымен безендіріліп, кереге, уықтар бейнеленген. XIX ғасырдың аяғында Қорқыттың табыты басқа жерге көшірілген, мазарының қалдықтарын Сыр суы шайып әкеткен.

Соңғы жылдары /1978—1980/ Қазақстан Республикасы тарихи және мәдени ескерткіштерді қоргау қогамы Орталық советі Президиумының шешімі бойынша арнағы қаржы босатылып, Қорқытқа мәңгі ескерткіш орнатылды. Алматылық жас архитектор Ибраев Бектің,

жобасы бойынша жүзеге асырылған, қазақтың көне мұзыкалық аспабы — қыл қобыз бейнеленген бұл ескерткіш жеммен бірге ыңылдан, ун салып тұрады. Ескерткіш Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының теміржол станциясына жақын жерден бой көрсетеді. Қорқыт Ата мазарын 1898 жылы қазақтың көрнекті фольклористі, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің белгілі жинаушысы Э. Диваев түсіріп алған екен. Сол фото-сурет Стамбул университетінің профессоры М. Ергиннің /“Китаби Коркут“/ еңбегінде пайдаланылған.

Тағы бір қызық жайт: халық поэзиясында Қорқыт қазақтың ұлттық мұзыкалық аспабы — қобызды тұңғыш жасауши ретінде жырланады. Қобызды жасаушы да, тартуши да — Қорқыт. Жырда халықтың бұл тамаша аспабы — қыл қобыздың қандай заттардан, қалай жасалғаны да сипатталады. Мысалы:

Қарағайдың түбінен  
қайырып алған қобызым.  
Үйенкінің түбінен  
үйіріп алған, қобызым.  
Ақ қайыңның безінен  
қағып алған, қобызым.  
Өзегінен кара емен  
ойып алған, қобызым.  
Қыл құйрығын тұлпардың  
ішек қылған, қобызым.  
Тау текенің мүйізін  
тиек қылған, қобызым.  
Ақ ырғайын қиянның  
құлак қылған, қобызым.  
Ортекенің терісін  
сауыт қылған, қобызым.  
Ақ түйенің сүтімен  
сылат алған, қобызым,  
Сырынды ашып, үнінді  
сынат алған қобызым.

Өзі мұқты, уні әдемі, сазды болуы үшін қазақ халқында қобыз аспабы күні бүгінге дейін осы әдіспен жасалып келеді.

Бұдан кейінгі өлең шумақтарында Қорқым өмірінде қобыздың жанга медеу беретін күшті құрал ретінде қызмет атқарып келгені сипатталған. Қобыз — қын-қыстау, тар жолда Қорқыттың өзегін талдырмас қорегі, ақыл-ойын өрбіткен, арып-шаршаганда шабыт берген, әртік өмір серігі болғаны айттылады.

Жиһан кезіп жүргенде,  
Серік қылған, қобызым.  
Өзек талған кезімде,  
Талшық қылған, қобызым.  
Таусылғанда амалым,  
Нақыл берген, қобызым.  
Шағылғанда тауаным,  
Ақыл берген, қобызым.  
Шалдықкан да шаршатпай,  
Сүйеу болған, қобызым.  
Жабыққанда мұнайтпай,  
Сазым болған, қобызым.  
Замананың сағымын,  
Күй ғып тартқан, қобызым.  
Сарылғанның саласын  
Сыр ғып тартқан, қобызым.

Жинаушы Ғали Кізбаевтың тапсырған бір өлеңінде Қорқым Ата өмірінің соңғы жылдары жырланған. Бұдан 40 жыл бұрын бақытты өмір ізден, өлімге қарсы күрескен Қорқым арманына жете алмай, арып-ашып, бір тауды мекен етеді. “Өлмейтін өмір кілті өнерде” деп тұжырымдаган Қорқым қобыз тартып, жыр толгайды.

Киялмен қырық жыл бұрын Қорқым қашқан,  
Арасы әділетсіз жер мен аспан.  
Жете алмай қиялына арып-ашып,  
Бір тауды мекен қылыш, жалғыз жатқан.  
Сол тауда жалғыз жүріп, қобыз тартып,  
Ән шырқап, күйлер шерткен, өнер тауып,  
Жете алмай қиялына арып-талып,  
Етілті күнелтуге ойын-сауық.

Бір гажабы, халықтың осындағы өлең-жырларының, ән-күйлерінің негізгі мазмұн-сюжеті Қорқым өлімі ту-

ралы аңыз-әңгімелермен сарындас, сәйкес келетіні таңқаларлық.

Халқының бақытты өмірін аңсаган Қорқыт өмір бойы қажымай-талмай, ажалға қарсы күресумен болады.

Дегенмен, өзінің желмаясына мініп, дүниенің төрт бұрышын кезген Қорқыт қайда барса да алдынан қазылған орды көріп, “дүниеде ешбір мәңгі нәрсе жоқ екен, бәрінің ақыры бар екен” деген тұжырымға келеді.

Олар да бұл дүниеге келді, кетті,  
Бейне керуен қонды, көшті.  
Оларды да ажал алды, жер жұтты,  
Фәни дүние кімге қалды?  
Келімді-кетімді дүние,  
Ең соңы — өлімді дүние.

Сонда да болса ол осы бір қын жолдан шығудың, адам атын өлтірмей, мәңгілік етудің жолын іздейді. Адам өмірінің бақылышын ол өнерден — әннен, музыканан табады. Қорқыт адам жүргегін тебірентетін толғауы тоқсан түрлі құбылған күйлер шыгарады. Өйткені ол әсерлі ән мен сазды күйлер үрпақтан үрпаққа тарап, халық жүргегінде мәңгі сақталатының жаңымен түсінеді.

Қорқыттың бірнеше күй шыгарған, өз дәуірінің композиторы, әнші-күйші, қобызшы екенін жогарыда айтқанбыз. Сол күйлерінің, кейбірі біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Мысалы: “Арыстан Баб” немесе “Ұстаз”, “Аққу”, “Ұшардың ұлуы”, “Кілем жайған”, “Әуілбай”, “Башпай” немесе “Қоштасу”, “Желмая”, “Елім-ай”, “Тарғыл тана”, “Қорқыт күйі” т. т.

Қорқыттың бұл музикалық мұраларын 1975 жылы М. О. Эуэзов атындағы әдебиет және өнер институты ұйымдастырган музикалық-фольклорлық экспедицияға қатысушы, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерді қоргау қоғамының белсенді жанаширы М. Байділдаев Қызылорда қаласының сол кездे 96 жасқа толған тұрғыны, қарт қобызшы Нышан — Ысмайыл

Шәменовтің / 1883—1979 / қобызда орындауынан магнитофонға жазып алеан. Бұл күйлер институттың музыка бөлімінде сақтаулы, кейбірі күйтабаққа түсірілген.

Қорқым Атаның Арыстан Баб, Әбушәкір Әбісейітжамалұлы Құлгара сияқты ұстаздары және Әл-Фарабидей замандастары болған. Қорқымтың музыкалық мұраларын біздің дәуірімізге жеткізген қазақтың Қойлыбай, Шақар, Берікбол, Сіләмбек, Молықбай сияқты әйгілі бақсылары мен Ықылас сияқты күйшілері. Сматай Үмбетбеков, Мұсабек Жарқынбеков тәрізді ондаған жас талапкер қобызшылардың репертуарында, эстрадалық-концерттік программаларында Қорқым күйлері елеулі орын алада.

Ел аузында Қорқым турали аңыз-әңгімелер көп сақталған. Ертегі, өлең, дастан түрінде де кездеседі. Олардың ішіндегі елеулілері: “Қорқымтың өлімге қарсы тұруы”, “Қорқымтың өлімнен қашуы”, “Қорқымтың өлімі”, “Қорқымтың Әзірейілмен алысуы”, “Қорқым және қырық қызы”, “Қорқым әулие”, “Қорқым күйі”, “Қорқым сарыны” және “Қорқым турали аңыздың бір түрі”. Қорқым турали қазақтың мұндай қызық аңыз-әңгімелеріне назар аудармаган бірде-бір галым, жазушы, әдебиетші, этнограф, суретші, тарихшы, жинаушы жок. Революцияга дейін ол турали Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, Д. Жетпісбаев және Радлов, Потанин, Бартольд, Вельяминов-Зернов, Жирмунский, Кононов, Айчиков, Кастанье, Спиридонов, Иностраницев, Остроумов сияқты ғалымдар жинап жазды.

Қорқым жайындағы әңгіменің біразын енді оның творчествосына бағыттайық.

“Қорқым кітабы” негізінен прозалық жанрга құрылған. Мұнда өлең-жыр түріндегі ак өлең, айтыс элементтері де кездеседі. Ақ өлеңдер көбінесе үйқассыз, айтыс өлеңдері диалог түрінде болып келеді.

Қорқымқа қатысты тағы бір әңгіме — Қорқым кітабындағы кіріспе. Мұнда Қорқым феодалдық

қогамдагы өзі көзімен көрген жағымды-жағымсыз төрт түрлі әйелдің мінез-құлқын өте орынды сынай білген. Бірі — үріп қойған доптай, бірі — кеуіп қалған агаشتай, енді бірі — үйінен нәр татырмайтын, барып тұрган сараң, шайнау әйел; ең жақсысы — үйінде ерінің жоқтығын білдірмей, келген қонағын сыйлас, құрметтеп аттандыра білетін, аңқылдаған, ақ жарқын әйел бейнесі жасалады.

Қорқыт кітабындағы кіріспеде мақал-мәтел, нақыл сөздер елеулі орын алған. Түрік және Әзербайжан галымдары Қорқыттың бұл нақыл сөздерін “Аталар сөзі” деп те атайды. Кіріспеге кірген мақал-мәтел, нақыл-өсіет сөздерінде өткен заман кескіні, үй-тұрмыс жағдайы, ата-ана, ұл мен қызы, күйеу бала, табиғат көрінісі, хайуанаттар тіршілігінен түсінік беріледі.

“Қорқыт кітабындағы” басқа әңгімелерде де нақыл сөздер көздесіп отырады. Мысалы: “Көп қорқытар, тे-рең батырар”, “Ат аяғы жүйрік, озан тілі — жүйрік” деген сияқты т. б. Қорқыт айтты дейтін мақалдар мен нақыл сөздердің өзінің мәнін жоймагандығы соншалық, оның кейбірі әлі күнге дейін қазіргі қазақ өмірінде қолданылып келеді.

Соңғы 10—15 жылдар ішінде Қорқыт туралы қазақ галымдары да /Ә. Х. Марғұлан, М. О. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев/ материалдар жинап, Қорқыттың әдеби мұрасы жөнінде ғылыми еңбектер, мақалалар жазылып, “Қорқыт кітабы” қазақ тіліне тәржімеленді.

“Қорқыт Ата кітабын” — дүние жүзілік әдебиеттің алтын қорына қосылатын түркі тілдес халықтарға ортақ әдеби мұра ретінде жоғары бағалап, оны көздің қараышындаи сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізе білу — галымдарымыздың алдында тұрган зор міндет.

## ҚОРҚЫТТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Баят бойында Қорқыт Ата дейтін бір ер тұрыпты. Ол кісі оғыз ішіндегі ең білгіші екен. Гайыптан айтқан болжамдарының бәрі түп-тура келіп отырған әулиенің көңіліне тәнірім нұр құйған ғой...

Ол алдымен оғыз қауымының мүшкіл халін айтқан. Нендей іс болса да, әбден таныспайынша, кез жеткізбейінше кіріспейтін Қорқыт Атанаң сөзін халық ақыр сонына дейін үйіп тындаған.

Қорқыт Ата сөйлейді:

— Алла, Алла демейінше, іс түзелмес, Тәңірі бермейінше, ер байымас, Әзелде жазылмаса, құл басына қаза келмес, ажал уақыты жетпейінше, ешкім де өлмес. Өлгөн адам тірілмес, шыққан жан кері келмес. Ер жігітке қара құрым мал бітсе, жияр, көбейтер, талап етер, бірақ несібесінен артығын жемес. Гүрілдей-шұбыра сулар тасыса, теңіз толmas. Тәкаппарлықты Тәңірі сүймес. Көңілі пасық ерде дәulet болmas. Жат баланы қанша сақтасаң да үл болmas, ол ішіп-жер, киер де кетер, бірақ көрдім демес.

Құл — тәбе болmas, күйеу бала — үл болmas. Қара есек — басына жүген кигізсен де тұлпар болmas. Күнге қамка тон жапсаң да ханым болmas. Жапалақ-жапалақ қар жауса, жазға қалmas. Ескі қамыс — біз болmas. Ежелгі дүшпан — дос болmas. Мінген атың қиналмайынша, жол алынбас. Қара болат өз қылышынды шалмайынша, жаудың тауаны қайтпас. Ер малын қимайынша, аты шықпас.

Қыз анадан көрмейінше өнеге алmas. Үл атадан көрмейінше, сапар шекпес. Үл — атанаң ері, екі көзінің бірі. Дәuletті үлың болса, ошағының қоры болар. Дәулетсіз үл болса, атанаң көрі болар. Үлдың күні караң, ата өліп, мал қалмаса. Ата малынан не пайда, баста дәulet болмаса.



Қорқыт Ата тағы да сөйлейді, тындалп көрелік, не дер екен:

— Мықты, жүйрік бедеуге қорқақ жігіт міне білмес, ол мінгенше, мінбесе игі. Шалып кесер өз қылышыңды мұқалтып шалғанша, шалмаса игі. Шала білген жігітке оқ пен қылыштан гөрі — бір шоқпардың өзі артық. Конак келмеген үйдің құлағаны артық. Ат жемейтін ашы шөп біткенше, бітпегені игі. Адам ішпес ашы су жылға куып аққанша, ақпаганы игі. Баба атын шығармаған жігерсіз үл баба белін бүгілткенше, бүгілтпегені игі. Баба атын шығаратын дәулетті үл болғаны игі. Жалған сөз бұл дүни-еде болғанша, болмағаны игі. Шынында сіздей асыл жанға үш отыз жасты беріп, үстіне он жас қосса да артық емес. Үш отыз он жасқа<sup>1</sup> толып; үзак өмір сүрініз! Жаратқан

<sup>1</sup> Үш отыз он жас — жүз жаса дегені.

ием сізге жаманшылық келтірмесін, дәuletініз баянды болсын, ей, хан ием!

Коркыт Ата тағы да сөйлейді, тындаپ көрелік, не айтар екен:

— Жердің соны шөбін киік білер. Жайылым жердің көкорай шалғынын құлан білер. Айырым-айырым жол сүрлеуін түйе білер. Жеті бұлактың хош иісін тұлқі білер. Тұнде керуен көшкенін қара торғай білер. Ұлдың кімнен туғанын анасы білер. Ердің батқанын ат білер. Ауыр жүктің салмағын тұлпар білер. Қай жерде сулы саз барын жөкен білер. Қапелімде бастың ауырганын ми білер. Қыл қобызын арқалап, елден-елге, бектен-бекке жырау қезер. Ер жомартын, ер бақылын жырау білер. Қарсы алдыңызда жолдан адастырмай, қобыз тартып жырлайтын жырау болсын, ей ханым! Азып-тозып келген пақырға Тәңірім сауабын берсін, ей ханым!

Коркыт Ата тағы да сөйлеп кетті, тындаپ көрелік, не сөйлер екен:

— Ауызымды ашып, тілге келтірген көктегі Тәңірі көрікті. Тәңір досы, дін тұтқасы Мұхаммед көрікті. Мұхаммедтің он жағында намаз оқыған Әбубәкір — Сыддық көрікті. Неше жұз рет оқыса да “Ясин” аяты көрікті. Қылышпен дінге көндірген ерлердің шаһы Әли көрікті. Әлидің ұлдары, пайғамбардың жиендері, Кербала шөлінде йазидтер<sup>2</sup> қолынан шейіт болған ағайынды Қасен мен Құсайын көрікті. Жазылып-түзіліп, көктен түскен Тәңірі ілімі — “Құран” көрікті. Ол “Құранды” хатқа түсірткен ғалымдар сұлтаны Осман<sup>3</sup> Аффан ұлы көрікті. Ойпат жерге салынған Тәңір үйі — Мекке көрікті. Ол Меккеге саубарып, аман-есен еліне қайтқан қажылар көрікті. Құндердің жақсысы — жұма күні көрікті. Жұма күні оқыған құтба намазы көрікті. Құлақ қойып тындаған үмметі көрікті. Мұнарада азан шакырган мәзін көрікті.

<sup>1</sup> Араб жеріндегі шөл дала.

<sup>2</sup> Араб патшасы.

Тізесін бүгіп отырған инабатты әйел көрікті. Самай шашы ағарған баба көрікті. Ақ сүтіне тойғыза-тойғыза емізген ана көрікті. Жанашыр ағайын-туған көрікті. Үлкен шаңырақ үйдің қасына тігілген келіннің отау үйі көрікті. Жібек шатыр үйдің нәзік жібі көрікті. Өнегелі бала көрікті. Ешбіреуге ұксамайтын, бүкіл әлемді жаратушы Алла Тағала көрікті. Да, Тәңірім дос-жар болып, медет берсін, ей, хан ием!

Корқыт Ата аузынан әйел төрт түрлі деп озандар айттар еді. Бірі — кепкен ағаш секілді, бірі — үрген қарын секілді, енді бірі — үйдің тіреуі, төртіншісі — қанша айтсан да бәз баяғысындай мелшиген қырсық әйел.

Ал озан айтқан үйдің тіреуі деуінің мәнісі:

Алыс қырдан, жапан түзден үйге бір жолаушы келсе, ері болмаса да, ішкізіп-жегізіп, сыйлы жандарын үйден шығарып салар. Бұлар — Айша, Фатима нәсілінен үлгі-өнеге алғандар, хан ием! Олардың үрім-бұтақтары өсіп-өнсін, сіздің ошағынызға осындай әйел заты келсін!

Енді кепкен ағаштай дейтінге келейік. Таңертең жатқан жерінен тұрып, беті-қолын жумастан тоғыз тоқашты бірден ауызға салып, толтыра тыққыштап, тойғанынша асап жейді. Бір көнек айранды ішіп, жалап-жұқтап, екі бүйірін таянып алып, әлгі әйел былай дейді:

— Қараң қалғыр, осы үйдің кожасына келгеннен бері қарным бір тоймады, аяғымнан жыртық шәркей түспеді, жүзіме рең кірмеді. Ерім өлсе, басқа біреуге тисем, қандай жақсы болар еді,— дейді. Бұл тәріздінің, хан ием, үрім-бұтағы өсіп-өнбесін! Сіздің от басынызға мұндай қатын келмесін!

Енді үрген доптай дегенге келейік. Жұлқылап оятқанша орнынан тұрмайды, беті-қолын жумайды. Үйінің о жағынан бұ жағына бір, бұ жағынан о жағына бір шығып, бүркыратып жатады. Өсек айтып, есік-тесіктен сығалай тындалап, тұске дейін ауыл қыдырады. Тұстен кейін үйіне оралады. Келсе, ит кіргенін, тайынша-бұзау жүргенін көреді. Тауық пен сиыр кораның да үйқы-түйқысы

шыққан. Сонда ол көршілеріне келіп, былайша айқайлайды:

— Ау, Зылиха, Зубәйда, Үрубейде, Чанқыз, Чанпаشا, Айна Мелек, Құтты Мелек, кайдастындар? Мен-ақ өлейін, көзімді құртайын да кетейін. Төсек-орнымын да быт-шыты шығып жатыр,— деп ренжиді.— Көрші хақы, Тәңір хақына менің үйімді қарай салсандар, нелерің кетер еді?!— деп көпіреді. Бұл сияқтылардың, хан ием, ұрімбұтағы өсе көрмесін! Сіздің ошақ басыңызға мұндай қатынды келтірмесін!

Енді қанша айтсан да міз бақпас баяғыдай дейтінге келейік. Алыс қырдан, жапан түзден бір сыйлы конак келсе, қожасы үйде болса былай дейді:

— Нан өкел, өзіміз де желік, бұ да жесін, қатып қалса нанның нәрі болмас, жемек керек,— десе, қатыны оған:

— Бұл қараң қалғыр үйде үн жок, елек жок, түйе диірменнен келмеді,— дейді. — Не өкелсе де берерім жоқ — деп, теріс айналып, қожасына қос саусағын көрсетеді. Бір сөйлесе қоймайды, қожасының сөзі құлағына қонбайды. Ол Нұһ пайғамбардың есегінің нәсілінен болар, хан ием. Сізді Тәңірім осындаілардан аман сақтасын! Ошағыңызға мұндай қатын келмесін!

## ДІРСЕ ХАН ҰЛЫ БҰҚАШ ХАН ӘҢГІМЕСІНІҢ БАЯНЫ

Бір күні Қам-Ғанұлы хан Байындыр орнынан тұрады. Сарыжолақты, ақ жібектен аппақ он отауды қара жерге тіктіреді.— Олардың тәбесі ала бұлтты көкке жетсін, мың жерге қалы кілем төселсін,— дейді ол. Хандардың ханы Байындыр жылда бір рет той жасап, оғыз бектерін конак қылатын әдеті еді.

Бір күні ол тағы да той жасап, аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойғызады. Бір жерге ақ отау, бір жерге қызыл отау, енді бір жерге қара отау тіктіреді.



“Ұлы болғанын ақ отауға, қызы болғанын қызыл отауға кондырыңдар. Ал ұл-қызы жоқтарды қара отауға кондырыңдар. Астына қара киіз төсендер, алдына қара қойдың етінен табақ тартыңдар, жесе жесін, жемесе тұрсын да кете берсін” депті.

Оғыз бектері бірте-бірте келіп жинала бастайды. Иә, сұлтаным; Дірсе хан дейтін бір бектің ұлы да, қызы да жок еді. Тыңдал көрелік, хан ием, не сөйлер еken:

Таңғы салқын самал жел сокқанда,  
Шудалы бозторғайлар шырылдағанда,  
Каба сақал мәзін азан шақырғанда,  
Бедеу аттар иесін көріп оқыранғанда,  
Таң білініп, ақ-қаралы көзге ілінгендे,  
Сұлу төскей қаба тауларға күн түскенде,  
Бек жігіттер, батырлар

Дірсе хан елең-алаңнан орнынан тұрып, қырық жігітін қасына алып, Байындыр ханның сұхбатына келеді.

Байындыр ханның жігіттері Дірсе ханды қарсы алып, қара отауға кіргізеді. Астына қара киіз тесеп, қара койдың етін алдына тартады.

— Байындыр ханнан бүйрық солай болды,— дейді жігіттер.

Дірсе хан сонда:

— Байындыр хан менен не кемшілік көрді? Менің қылышымнан, не дастарханымнан қандай мін тапты? Менен тәмен кісілер де ақ отауға, қызыл отауға кіргізілді ғой, менің қара отауға кіретіндей не жазығым болды екен?— депті.

Жігіттер тұрып былай деді:

— Байындыр ханнан бүйрығы солай. Кімде-кімнің ұлқызы болмаса, соны Тәңірім қарғайды, біз де қарғаймыз, естіп білсін.

Сол кезде мейман Дірсе хан отырған жерінен тұрып:

— Орындарынан қозғалындар, жігіттерім, бұл мен естімеген сұмдық екен, бұл жай не менен, не катынымнан болған шығар,— дейді.

Сөйтіп Дірсе хан үйіне қайтып келеді. Катынын айқайлап шақырып, зілдене сөз бастайды. Тындалп көрелік, не сөйлер екен:

Бері кел, басымның бақыты, үйімнің тақыты,  
Үйден шыға ырғалған, сұңғак бойлым.  
Тілерсегіне түскен қолаң шаштым,  
Құрулы садақтай иілген имек қастым.  
Кос жаңғақ симайтын оймақ ауыздым,  
Балдай тәтті тіл үйірген қауыным,  
Күзгі алмадай ал-қызыл жемісім,  
Көрермісің халымның не болғанын?

Байындыр хан орнынан тұрып, бір жерге ақ отау, бір жерге қызыл отау, енді бір жерге қара отау тіктіріпті. “Ұлы барын ақ отауға, қызы барын қызыл отауға, ал ұлы-қызы жоғын қара отауға қондырындар,

астына қара киіз төсөндер, алдына қара қойдың етін тартындар, жесе жесін, жемесе тұрсын да кетсін. Ондай ұлы-қызы болмағандарға Тәңірінің қарғысы тиеді, біз де қарғыс айтамыз” депті. Мен барғанда қарсы алды. Қара отауға қондырды. Астыма қара құрым киіз төседі. Алдыма қара қойдың қыздырған етін әкелді. “Ұлы-қызы болмағандарды Тәңірі қарғайды, біз де қарғаймыз”— деді олар. Бұл неден, кімнен, сенен бе, әлде менен бе? Тәңірім бізге қасқырдың күшігіндей бір ұлды бермегені қалай?— дейді.

Дірсе ханның сондагы айтқаны мынау екен:

Хан қызы, орыннын тұрайын ба?  
Жағаңнан алып, бұғағынан тұтайын ба?  
Табанымса салып басайын ба?  
Қара болат қылышымды қолыма алайын ба?  
Өз кеуденен басынды кесейін бе?  
Жан тәттілігін саған білдірейін бе?  
Кызыл қанынды ағызып, жергө төгейін бе?  
Уа, хан қызы, себебі неде, сөйле маған!  
Ауыр азап көрсетейін енді саған!

Сонда Дірсе ханның қатыны сөйлейді. Тындал көрелік, не дер екен:

— Ей, Дірсе хан, сен мені азапқа салма, ренжіп, ашы сөз сөйлеме. Орнынан тез тұр да, ала жібек шатырды жер бетіне тіктір. Аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойғыз. Іш оғыз бен тыс оғыз бектерін шақырып жина, аш көрсөн тойындыр, жалаңаш көрсөң киіндір, төбедей қып ет үйгіз, көл-көсір қылыш қымыз сапырт, үлкен ас бер, тілек тіле, олардың аузы дуалы біреуінің қайыр батасымен Тәңірім бізге ең болмаса қасқырдың күшігіндей бір перзент берер,— дейді.

Дірсе хан жақсылардың сезімен үлкен бір зияфат беріп, тілек тілейді. Аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойғызады. Іш оғыз бен тыс оғыз бектерін шақырып жинайды. Аш көрсе, тойындырады, жалаңаш көрсө киіндіреді, борыштыны борышынан құтқарады. Төбе

кылып ет үйгізеді, көл қылып қымыз сапыртады. Жиналған жұрт тілек тілейді. Аузы дуалы біреуінің кайыр дұғасымен қатыны жүкті болып, Тәнірі оларға бір ұл береді. Біршама уақыттан кейін ол ұлын күтушіге бактырады.

Ат аяғы — жүйрік, озан<sup>1</sup> тілі — жүйрік болар. Ұл бала он бес жасқа толғанда, бабасы Байындыр ханға қарай жол жүреді.

Құрметті хан ием, Байындыр ханның бір бұқасы, бір бурасы бар еді. Ол бұқа мойнын тасқа қатты ұрса болғаны, үн кылып, үгітіп жібереді екен. Жаз болса, күз болса бұқа мен бураны ұрыстырып, Байындыр хан құдіретті оғыз бектерімен тамаша құрып, қызығына карап, көнілдерін көтереді екен.

Құрметті сұлтаным; тағы бір жазда олар бұқаны сарайдан шығарады. Үш кісі он жағынан, үш кісі сол жағынан темір шынжырмен бұқаны ұстап тұрады. Дірсе ханның ұлы үш баламен бірге асық ойнап жүр екен, Бұқаны далаға босатып жіберіп, балаларға “қашындар!”— дейді.

Үш бала тұра қашады да, Дірсе ханның ұлы қашпай, ашық алаңның ортасында бас бағып тұрады. Бұқа да балаға қарай жүреді. Біреулер: “баланың ит әлегін шығарса екен” деп тілейді. Бала бұқаның мойнын бұрап, бар пәрменін салып, жұдырығымен қатты ұрып жібергенде, бұқа құйрығымен шоңқып отырып қалады да, кері шегініп кетеді. Бұқа балаға тағы үмтүлады. Бала бұл жолы бұқаның мандайына жұдырығын тірелей кояды.

Сөйтіп бұқаны шегіндіріп алаң шетіне шығарады. Бұқа мен бала біраз уақыт тіреседі. Бұқаның жауырынынан көбік тері шығады. “Не бала бұқаны женеді, не бұқа баланы женеді” десіп тұрғанда, акырында бала ойға түсіп, былай дейді:

---

<sup>1</sup> Ақын, жырау.

— Там үй саларда бағана үстайды, ол тамға тіреу болады. Сол тіреуді алса, там құлайды. Мен мұның алдына неге тіреу болып тұрамын?

Бала бұканың мәндайына жұдырығын түйіп, жолын бөгейді. Бұқа аяқ тіреп тұра алмай, бала қолын жұлып алғанда омака асып, тәбесімен тік шаншылып жығылады. Бала пышағын суырып алады да, бұканы бауыздап, басын кеседі. Оғыз бектері баланың қасына келіп, жабырласа қалады. “Бұл бір керемет оқиға болды,— дейді олар.— Қорқыт Атам келсін, бұл балаға ат қойсын. Сейтіп Қорқыт Ата келетін болып келіседі. Ол заманда бір бала бас кесіп, қан шығарса, ат қоятын еді. Қорқыт Ата баланы алып, бабасына барады. Қорқыт Ата сөйлемді. Тыңдалп көрелік, ханым, не сөйлер екен:

Ей, Дірсе хан,  
Бектік бер бұл үғланға,  
Так бер астына, өнерлі екен!  
Каз мойынды бедеу ат бер бұл үғланға,  
Мінер болсын, өнерлі екен!  
Қой корадан он мың қой бер үғланға,  
Соғым болсын, өнерлі екен!  
Аруаналардан қызыл түйс бер үғланға,  
Жұқ артатын көлік болсын, өнерлі екен!  
Алтын баулы отау бер бұл үғланға,  
Көлеңке болсын басына, өнерлі екен!  
Құс иінді торқа тон бер үғланға,  
Киер болсын үстіне, өнерлі екен!

Байындыр ханның ақ алаңында ерлік көрсетті ол. Сенің ұлыңың аты Бұқаш болсын, атты мен бердім, жасты Тәнірім берсін!— дейді. Дірсе хан сонда ұлына бектік берді, астындағы тағын берді.

Бала такқа отырды. Бабасының қырық жігітін нәкерлікке алмайтын болды. Өйткені ол қырық жігіт балаға жаманшылық ойлар еді.

Сонда олар:

— Жүріндер, жігіттер, бабасына барып шағыстырайық, мұны өлтірсін. Сонда ол біздің өзіне деген сый-

құрметімізді, ізетімізді бұдан гөрі артық бағалайтын шығар,— дейді. Қырық жігіт екіге бөлінді де, жиырмасы ханның бір жағында, қалған жиырмасы екінші жағында тұрды. Әуелі жиырмасы барды да, Дірсе ханға былай деді:

— Да, Дірсе хан, не болғанын көрермісін? Мақсат-мұратына жетпегір, сенің балаң жаман адам болып шықты, қырық жігітті қасына алып, қалың оғызға жорық жасамақшы. Бір ару көзіне түссе, қош көрді. Ақ сақалды кәрияны сөкті. АナンЫң ақ сүтін актамады. Аққан мәлдір сулардан, көсліп жатқан Алатаудан асып, хандардың ханы Байындырға да хабар жетті. “Дірсе ханның ұлы жұртқа жақпас іс жасады” дейді. Олай еркіндегенінен өлгені артық еді. Байындыр хан сені шақырар, ауыр азап тартқызар. Апыр-ай, ондай ұлдың саған керегі не? Ондай ұл болғанынан болмаганы иғі ғой, өлтір,— деді олар.

Дірсе хан тұрып:

— Барындар, әкеліндер, өлтірейін!— деді.

Сөйткенше болмай, жаңағы қорқақ жігіттердің екінші жиырмасы шыға келді де, тағы бір өсекшіні ортаға шығарды..

— Да, Дірсе хан, сенің ұлың өзің серуендейтін бектері көк майсалы, көрікті үлкен тауларға аңға шықты. Сен тамашалап баратын жерден аң аулап, құс ұстады. Олжасын анасының алдына алып келді. Шараптың ең ашысын алып ішті. Анасымен сұхбаттасты, бабасына кастандық ойлады. Сенің ұлың нашар, қайырымсыз болып шықты. Көсліп жатқан Алатаудан хабар келер, хандар ханы Байындырға хабар жетер. “Дірсе хан ұлы жаман іс жасады” дер, сені шақыратын болар. Байындыр хан тарапынан ауыр азап тартарсың, мұндай ұлдың саған не керегі бар? Өлтірсөң қайтеді!— деді.

Дірсе хан тұрып:

— Барындар, әкеліндер, өлтірейін, ондай ұлдың маған керегі жок!— дейді.

Дірсе ханның нәкерлері тұрып:

— Біз сенің ұлынды қалай әкелеміз? Біздің сөзімізді тындал, мұнда келе қоймас. Оナン да жігіттерінмен бірге, ұлынды қасына ертіп, аңға шық. Құс ұшырып, ан аулаған болып, ұлынды оққа байлап, өзің өлтір, егер осы жолы өлтірмесен, ешқашан өлтіре алмассың, осыны біліп қой,— деді.

Таңғы салқын самал жел соққанда,  
Көкте бозторғайлар шырылдағанда.  
Бедеу аттар иесін танып кісінегенде,  
Қаба сақал мазін азан шақырғанда,  
Таң білініп, ақ-каралы көзге ілінгенде,  
Кыз-келіндері оғыздардың безенген шакта,  
Сұлу төскей қара таулар құнгейіне,  
Бек жігіттер, батырлар кеп тұрған шакта,

елен-аланда Дірсе хан орнынан тұрды. Ұлын қасына ертіп қырық жігітімен бірге аң аулауға шықты. Аң аулап, құс ұстады. Қорқақ жігіттердің бірі баланың қасына келіп былай дейді:

— Бабаң саған: “киіктерді қусын, жақын әкеліп, менің көз алдымда өлтірсін, ұlyмның ат ойнатқанын, қылыш ұстаганын, оқ атқанын көрейін, қуанайын, шаттанайын, сенейін”— деп жатыр.

Бала не білсін, киіктерді қуалап, жақын айдалап әкеледі. Бабасының алдында ат ойнатады. “Бабам ат ойнатқанымды, оқ атқанымды, қылыш сілтегенімді байқап көрсін, қуансын, мақтансын, сенсін”— деп ойлайды.

Ал қорқақ жігіттің бірі:

— Дірсе хан, көрермісің баланды, қыр-жоталардан киіктерді қуар, сенің алдыңа әкелөр, киіктерді атқан болып, сол оқпен өзінді атар, балаң сені өлтіргенше, сен баланды өлтіріп үлгір,— дейді.

Бала киіктерді қуалап, бабасының алдына әкеледі. Дірсе хан қасқыр сіңірлі қатты садакты қолына алады. Үзенгісіне шіреніп тұрып, садакты бар пәрменімен тартып қалады. Баланың қос жауырының ортасынан оқ жарқ етеді де, бала жалп етеді. Көзденеп аткан оқ нысанага дәл